Ұлытау облыстық мәслихаты аппараты мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерімен өткізілген отырыс

Жезқазған қаласы «03» қараша 2026 жыл

Төрағалық етуші: Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі Д.К. Джакупов.

Қатысқандар: Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері (тізім бойынша).

КҮН ТӘРТІБІ

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері арасында қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарға жол бермеу және жоғары мәдениетті мінез-құлық қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы.

Атап айтқанда, мынадай мәселелерді қарау:

1. Мемлекеттік қызметшілердің жалпыға бірдей қабылданған іскерлік киім үлгісін және сыртқы келбет талаптарын сақтауы.
2. Құмар ойындарға қатысуға және ойын мекемелеріне баруға жол бермеу.
3. Жол жүрісі қағидаларын сақтау және жол қозғалысы саласындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу.
4. Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінде анықталып жатқан осыған ұқсас құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілері тарапынан жасалуына жол бермеу.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының әдеп жөніндегі уәкілі, ол өз сөзінде мемлекеттік қызмет қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатынын және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік келбетіне, мінез-құлқына, жеке жауапкершілігіне жоғары талаптар қоятынын атап өтті.

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінде жекелеген мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп талаптарын сақтамау жағдайлары, оның ішінде іскерлік киім үлгісін бұзу, құмар ойындарға қатысу, сондай-ақ жол жүрісі қағидаларын сақтамау фактілері кездесуде.

Мұндай жағдайлар мемлекеттік қызметтің беделіне кері әсерін тигізіп, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне нұқсан келтіреді және мемлекеттік аппарат туралы теріс қоғамдық пікір қалыптастырады.

Осыған байланысты Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратында осындай фактілерге жол бермеуге бағытталған алдын алу шараларын қабылдау қажеттігі атап өтілді.

1. Іскерлік киім үлгісін сақтау туралы

Әдеп жөніндегі уәкіл қатысушылардың назарын Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 7-тармағының талаптарын сақтау қажеттігіне аударды.

Аталған нормаға сәйкес мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерін атқару кезіндегі сыртқы келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етіп, ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стильге сәйкес болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің сыртқы келбеті кәсіби мәдениеттің және қызметтік тәртіптің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатыны туралы атап өтілді.

Осыған байланысты қызметтік ортаға және мемлекеттік қызметшінің мәртебесіне сәйкес келмейтін киім киюге, әсіресе ресми іс-шаралар, отырыстар, азаматтармен және мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесулер өткізу кезінде жол бермеу қажеттігі айтылды.

2. Құмар ойындарға қатысуға жол бермеу туралы

Мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға қатысуына және ойын мекемелеріне баруына жол бермеу мәселесіне ерекше назар аударылды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің 6-тармағының 10) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемелеріне барудан тартынуға міндетті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында мемлекеттік қызметшілердің құмар ойындарға және (немесе) бәске қатысуына байланысты арнайы шектеулер көзделген.

Мұндай мінез-құлық қаржылық және беделдік тәуекелдерге әкеліп, мемлекеттік қызметшінің жеке және кәсіби беделіне кері әсерін тигізуі, сондай-ақ оның адалдығына күмән келтіруі мүмкін екендігі атап өтілді.

Мемлекеттік қызметшілер жеке мінез-құлқына жауапкершілікпен қарап, мемлекеттік органның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттерге жол бермеуі қажет.

3. Жол жүрісі қағидаларын сақтау туралы

Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің жол жүрісі қағидаларын сақтау мәселесі қаралды.

Жол жүрісі қағидаларын сақтамау, көлік құралын белгіленген талаптарды бұза отырып басқару, авариялық жағдайлар туындату және жол қозғалысы саласындағы өзге де құқыққа қайшы әрекеттер әкімшілік жауапкершілікке ғана емес, сонымен қатар қоғам үшін жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін екендігі атап өтілді.

Мемлекеттік қызметшілер заңнама талаптарын сақтау, айналасындағылардың қауіпсіздігіне құрметпен қарау және жауапты мінез-құлық таныту азаматтық әрі кәсіби мәдениеттің міндетті қағидаттары екенін есте ұстауы тиіс.

Қызметтік жағдайын пайдалана отырып, жол жүрісі қағидаларын бұзғаны үшін жауапкершіліктен жалтаруға, сондай-ақ қызметтік көлікті мақсатсыз пайдалануға жол берілмейтініне ерекше назар аударылды.

4. Қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың алдын алу туралы

Әдеп жөніндегі уәкіл құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйелі сипатта болуы және тек жасалған теріс қылықтарға ден қоюмен шектелмеуі тиіс екенін атап өтті.

Әрбір мемлекеттік қызметші Қазақстан Республикасының заңнамасын, Әдеп кодексінің талаптарын сақтау және мемлекеттік органның оң имиджін қалыптастыру үшін жеке жауапкершілігін сезінуі қажет.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды ұстанып, әдепсіз мінез-құлыққа жол бермеуі тиіс екендігі айтылды.

Ұжымда өзара сыйластық, адалдық, жоғары орындаушылық тәртіп және әдеп нормаларын бұзушылықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік қағидаттарына негізделген ахуал қалыптастыру қажеттігі атап өтілді.

ҰСЫНЫС:

1. Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының әдеп жөніндегі уәкілінің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың алдын алу шараларын күшейту қажеттігі туралы ақпараты назарға алынсын.
2. Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне:
   - Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын мүлтіксіз сақтау;
   - қызметтік міндеттерін атқару кезінде жалпыға бірдей қабылданған іскерлік киім үлгісін ұстану, сыртқы келбетінің ұқыпты әрі ресми жағдайға сәйкес болуын қамтамасыз ету;
   - ойын мекемелеріне барудан тартыну, құмар ойындарға қатысуға және заңнамада белгіленген шектеулерге қайшы келетін өзге де әрекеттерге жол бермеу;
   - жол жүрісі қағидаларын қатаң сақтау, жол қозғалысының басқа қатысушыларына жауапкершілікпен және құрметпен қарау;

- қызметтік жағдайды, қызметтік көлікті және өзге де мемлекеттік ресурстарды жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу;
- қызметтен тыс уақытта да жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды ұстану, мемлекеттік қызметтің беделіне және мемлекеттік органның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін әрекеттер жасамау міндеттелсін.

3. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдеп талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу заңнамада белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін екендігі ескертілсін.
4. Осы хаттаманың орындалуын бақылау Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының әдеп жөніндегі уәкіліне жүктелсін.

Төрағалық етуші:

Ұлытау облыстық мәслихаты аппаратының
әдеп жөніндегі уәкілі

Д.К. Джакупов _____